




USAID
АМЕРИКАНДЫҚ ХАЛЫҚТАН

**АИТВ ТУРАЛЫ
БІЛУІҢІЗ КЕРЕК
БАРЛЫҚ НӘРСЕ
және АИТВ
инфекциясын
емдеу**

АИТВ бойынша Орталық Азиядағы USAID «Флагман» жобасы

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ)



АИТВ - адамның иммун тапшылығы вирусы. АИТВ - АИТВ инфекциясы деп аталатын аурудың дамуына әкеледі. Вирус иммундық жүйені әлсіретеді, ағзаның инфекцияларға қарсы тұру қабілетін бұзады.

ЖИТС-жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы, АИТВ-инфекциясының соңғы сатысы.

АИТВ-ның негізгі берілу жолдары:

- қан арқылы өту;
- қорғалмаған сексуалдық байланыс;
- анадан балаға (жүктілік және емізу кезінде).




АИТВ берілмейді:

- жәндіктердің шағуы арқылы;
- жалпы ванна мен дәретхананы қолданған кезде;
- сүйісу кезінде;
- тұрмыстық заттарды (ыдыс-аяқ, сүлгі және т.б.) пайдалану кезінде.

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ)

Терезе кезеңі - адам жұқтырған және АИТВ-инфекциясының басқа серіктестерге берілуі мүмкін кезең. Осы кезеңде АИТВ-инфекциясына тест теріс нәтиже көрсетуі мүмкін, өйткені иммундық жүйеде антиденелер саны оларды анықтау үшін жеткіліксіз.



3 айдан кейін АИТВ-ға қайта тестілеуден өту керек.



ВИЧ-ке тестілеуді жақын жердегі тестілеу пунктінде тегін өтуге болады. Оң нәтиже болған жағдайда ЖИТС орталығында АИТВ-ға растайтын тест тапсыру қажет.

Сондай-ақ экспресс-тестілеу үкіметтік емес ұйымдарда жүргізілуі мүмкін. Жедел тест нәтижесін 20 минуттан кейін алуға болады.

АИТВ-ның таралуын болдырмауға болады, егер:

- есірткіні қолданудан аулақ болсаңыз;
- стерильды медициналық құралдарды қолдансаңыз;
- кез келген жыныстық қатынас кезінде презервативтерді пайдалансаңыз.



ролик «АИТВ туралы аңыздар» осында!




Антиретровирусты терапия дегеніміз не?



Антиретровирусты терапия (АРТ) - АИТВ-инфекциясын емдеу. АРТ - адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ) көбеюін баяулатады, бұл АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамның ұзақ және толық өмір сүруіне мүмкіндік береді.

АИТВ көбеюге қабілеті бар. Бұл процесс иммундық жүйенің жасушаларында (CD4) жүреді. АРТ-препараттар қандағы вирустың мөлшерін анықталмаған деңгейге дейін төмендетеді, бұл CD4 жасушаларының көбеюіне, иммунитеттің дамуына және оппортунистік инфекциялардың пайда болуына жол бермейді.



Белгісіз = Берілмейді



Дәрі-дәрмектерді нұсқауларға сәйкес қабылдау организмдегі вирустың мөлшерін белгісіз деңгейге дейін төмендетеді. Бұл иммундық (қорғаныш) жүйенің қалпына келуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ АИТВ-ның серіктестерге берілуінен қорғайды.

Өстамдылық = емдеу сәттілігі

Антиретровирусты терапия дегеніміз не?

Емделуге даярлық =

- 100% өстамдылық : препараттың әрбір дозасын уақтылы қабылдау;
- 100% өстамдылық: дәрігердің тамақтануға қатысты барлық ұсынымдарын орындау;
- жанама әсерлер пайда болуы мүмкін және олармен күресуге болатындығын түсіну.



АИТВ инфекциясын емдеу препараттарды қабылдаудың нақты кестесін сақтауды талап етеді. Бастапқыда жақын адамдар мен ҮЕҰ-ның тең кеңесшілері қолдау талап етілуі мүмкін.

Антиретровирусты терапия өмір сүру ұзақтығын айтарлықтай арттырады және өмір сүру сапасын жақсартады.



ролик «Мен АРТ бастаймын» осында!



Антиретровирусты терапияға (АРТ) кіріспе

**ЕМДЕУДІ ҚАШАН БАСТАУ КЕРЕК?
-АИТВ-инфекциясы диагнозын қойғаннан кейін
бірден**

**ЕГЕР СІЗ ЕМДЕУДІ УАҚТЫЛЫ
БАСТАСАҢЫЗ:**

Денсаулық жағдайы жақсарады

АИТВ-ның жыныстық серіктеске
берілу қаупі төмендейді

Вирустық жүктеме белгісіз
деңгейге дейін төмендейді

Иммундық жүйе күшейеді

Ағзаның еңбекке қабілеттілігі
сақталады

Дүниеге дені сау балаларды
әкелу мүмкіндігінің болуы



ЕГЕР СІЗ ЕМДЕЛУДІ БАСТАМАСАҢЫЗ:

Иммундық жүйе әлсірейді

Жиі ауру және белсенді өмір салтын
жоғалту

Серіктеске АИТВ-ның берілу қаупі
артады Ілеспе аурулардың асқынуы

ЕГЕР СІЗ ЕМДЕЛУДІ ТОҚТАТСАҢЫЗ:
Қол жеткізілген нәтиже жоғалады:
вирус мөлшері артады, иммунитет
төмендейді

Резистенттіліктің (вирустың
препараттарға төзімділігінің) даму қаупі

Ілеспе аурулардың асқынуы

**Ерте диагноз қою, АРТ-ны ерте бастау және емді өстамдылықпен
орындау адамның өмір сүру ұзақтығы мен сапасын жақсартады**

Антиретровирусты терапияға (АРТ) кіріспе

Егер емдеуді тоқтатсаңыз:




- Қол жеткізілген нәтиже жоғалады:
- Вирустың мөлшері артып, иммунитет төмендейді;
 - Резистенттіліктің даму қаупі (вирустың препараттарға төзімділігі);
 - Ілеспе аурулардың асқынуы.

ЕГЕР ЕМДЕУДІ КЕШ БАСТАСАҢЫЗ, иммунитетті қалпына келтіру көбінесе баяу және әрдайым толық бола бермейді.



АИТВ инфекциясын емдеу тегін

Антиретровирусты терапияны (АРТ) өстамдылықпен орындау



Емді өстамдылықпен орындау - бұл дәрі-дәрмектерді қабылдау және емдеу режимін нұсқауларға сәйкес, белгіленген уақытта және дұрыс мөлшерде сақтау.

Дәрігердің жүйелі бақылауы денсаулық жағдайын бақылауға, емдеу және емді өстамдықпен орындау мәселелерін талқылауға, проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді. Дәрігер барлық толғандыратын сұрақтарға жауап бере алады.



«Теңге-тең» қолдауы



Сіз АРТ-ге үйренгенше бастапқы қолдау қажет болуы мүмкін. Бұған Тең кеңесшілері көмектесе алады.



ролик
«Мен АРТ
бастаймын»
осында!



Антиретровирусты терапияны (АРТ) бұлжытпай орындау









ЕМДІ ӨСТАМДЫҚПЕН ОРЫНДАУ КӨМЕКТЕСЕДІ:

- күнделік жүргізу;
- дәрі-дәрмектерді қабылдау кестесін қолдану;
- таблетка қорапшасын қолдану;
- дыбыс сигналын немесе оятқышты қолдану;
- достар немесе туыстар.

Жеке шешім негізінде емдеуді дербес тоқтатуға болмайды. Емдеу курсының үзілуі резистенттіліктің даму қаупіне әкеп соғады. Резистенттілік - вирустың дәрілік заттарға төзімділігі.



Емдеуді бастамас бұрын талқыланатын сұрақтар:

- Сіз дәрі-дәрмектерді қай уақытта қабылдайсыз? Неліктен сіз дәл осы уақытты таңдадыңыз? 
- Дәрі-дәрмектерді қайда сақтайсыз? 
- Дәрі-дәрмектерді қабылдау керектігін қалай еске түсіресіз? 
- Емді өстамдылықпен орындауда сізге кім көмектесе алады? (туысыңыз, досыңыз, әріптесіңіз және т.б.) 
- Терапияны қабылдау процесінде қандай қиындықтарға тап болуыңыз мүмкін? 
- Сіз бұл қиындықтарды қалай жеңуді жоспарлайсыз? 

100 % өстамдылық = Анықталмайтын вирустық жүктеме

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар



Ең көп таралған ЖЖБИ:

Гонорея, мерез, трихомониаз, хламидиоз, В және С гепатиттері, жыныс герпесі, АИТВ инфекциясы, адам папилломасы вирусы.

ЖЖБИ негізгі берілу жолдары

Жыныстық, қан арқылы, құрсақшілік, сирек жағдайларда тұрмыстық қатынас.



Белгілері

- Жыныс мүшелерінен бөлінетін ерекше бөлініс.
- Жара.
- Іштің төменгі жағындағы ауырсыну.
- Дызылдау және қышу.



ЖЖБИ симптомсыз өтуі мүмкін!

Егер уақытында тексерілмесе және ем бастамаса, онда ЖЖБИ созылмалы қабыну ауруларына, АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) жұқтыру қаупінің артуына, бедеулікке, импотенцияға әкелуі мүмкін.

ЖЖБИ-ге анализді медициналық мекемелерде тапсыра аласыз.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар


Егер ЖЖБИ анықталса не істеу керек?

- Дәрігер тағайындаған емдеуді мүмкіндігінше ертерек бастаңыз.
- Дәрі-дәрмектің режимі мен мөлшерін сақтауды ұмытпаңыз.
- Жыныстық серіктестер бірге емделу керек, өйткені қайта жұқтыру қаупі бар.
- Болашақта өзіңізді ЖЖБИ-ден қорғаңыз.




Өзіңізді және серіктесіңізді қалай қорғауға болады?

- Әрбір жыныстық қатынас кезінде презерватив пайдалану.
- Медициналық мақсаттағы стерильды құралдарды қолдану.
- ЖЖБИ бар екендігі туралы серіктесіңізге хабарлау.
- Мүмкіндігінше вакцинация жасау.
- Жеке гигиена ережелерін сақтау.



Әр серіктеспен және әр жыныстық қатынаста сапалы презервативтерді дұрыс пайдалану ЖЖБИ-ден сенімді қорғаныс болып табылады.

Туберкулёз




Туберкулез - бұл туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған кезде ауа тамшыларымен берілетін жұқпалы ауру. Туберкулез АИТВ-мен өмір сүретін адамдар арасындағы өлімнің басты себебі болып табылады.

Бұл ауруды әсіресе иммунитеті әлсіреген адамдар тез жұқтырады.

Аурудың негізгі белгілері:


- жөтел екі апта немесе одан да көп уақытқа созылады (кейде қан немесе қақырық аралас);
- жоғары температура (37 С-37,5 С және одан жоғары);
- әлсіздік;
- салмақ жоғалту;
- тәбеттің жоғалуы;
- түнгі терлеу;
- кеуде ауыруы, ентігу.



Егер кем дегенде бір симптом болса, тексеруден өту керек: қақырық анализі және кеуде қуысының рентгенографиясы.

Туберкулёз

Егер препараттарды уақытылы қабылдап, толық емдеу курсынан өтсеңіз, туберкулезді емдеуге болады. Егер емдеуді тоқтатсаңыз немесе тағайындалған препараттарды қабылдасаңыз, онда туберкулездің дәріге төзімділік түрі дамуы мүмкін, кейін емдеу ұзақ және күрделі болады.



Науқаспен тығыз байланыста болған адамдарға ауру туралы хабарлау және оларды тексеруден өту үшін дәрігерге баруға сендіру қажет.

ТЕҢ кеңесшілер АИТВ-мен өмір сүретін адамдар үшін туберкулез белгілеріне ауызша скрининг жүргізеді және қажет болған жағдайда тұрғылықты жері бойынша емханада тексеруден өтуге көмектеседі.



Опиоидты агонистермен демеуші терапия (ОАДТ)




Метадон - героинді және басқа опиоидты препараттарды алмастыратын медициналық препарат.

ОАДТ бағдарламасы - героинге тәуелділіктен арылуды және жаңа өмір сүруді жоспарлап отырған адамдар үшін!

Опиоидты агонистермен демеуші терапия бағдарламасының мақсаты:

- героиннен бас тарту;
- артық дозаланудың алдын алу;
- АИТВ және гепатитті жұқтыру қаупін төмендету;
- қоғамға оралу мүмкіндігі.



Опиоидты агонистермен демеуші терапия

=

ағзаға келтірілетін залалдың азаюы

#H=H

Белгісіз = Берілмейды

Анықталмайтын вирустық жүктемеге жеткенде **АИТВ** жыныстық қатынас арқылы жұқпайды.

...сондықтан біз антиретровирустық терапияны қабылдап, емдеу режимін сақтауымыз керек.

Бұл материал АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) арқылы американдықтардың көмегінің арқасында мүмкін болды. PSI жарияланымның мазмұнына жауап береді, ол USAID немесе АҚШ үкіметінің позициясын міндетті түрде көрсетпейді. АИТВ эпидемиясын бақылаудың Алматы моделі жобасының бөлігі ретінде ICAP басып шығарды.